



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№45/175
8 қараша



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Ақ үйде тарихи кездесу ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президентіне алғыс айтып, C5+1 форматындағы саммит шын мәнінде Орталық Азия мен Құрама Штаттар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

– Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайтадан ұлы елге айналдыру» (Making America Great Again) деп аталатын көреген тұжырымдамаңызды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тұрақтылыққа тірек болған рөлін айтарлықтай күшейте түстіңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның Құрама Штаттармен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

– Қазақстан мен АҚШ арасын-

дағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды ұдайы қолдап келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Ақ үйде Президент лауазымын атқарған алғашқы кезеңде біздің қарым-қатынасымыз кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейінде заңнамалық тұрғыдан бекіді. АҚШ – Қазақстанға 100 миллиард доллардан аса қаржы салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 миллиард доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания бизнес жүргізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында екі ел компаниялары жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын келісімдер жасасқанын айтты.

Жалпы, Қазақстан мен АҚШ-тың энергетика, аса маңызды минералдар, өнеркәсіп, көлік, қаржы, жасанды интеллект, білім секілді негізгі салаларды қамтитын экономикалық әлеуеті жарты триллион доллардан асады.

Президент америкалық компанияларды елімізде инвесторлар үшін жасалған оңтайлы жағдайды пайдалануға шақырды. Тіпті, оларға өзі қолдау көрсетінін жеткізді.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АҚШ ПРЕЗИДЕНТІ ДОНАЛЬД ТРАМППЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Ақ үйдегі кездесуде Мемлекет басшысы Вашингтонға сапармен келуге шақырғаны және қазақстандық делегацияға көрсеткен қонақжай көңілі үшін АҚШ Президентіне ризашылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың президенттік лауазымының тарихи сипатына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемнің жетекші экономикалық, саяси және технологиялық державасы ретіндегі позициясын күшейтіп келе жатқанын атап өтті.

дәлізді одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трампың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

Дональд Трамп АҚШ-тың Қазақстанмен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытуға ниетті екенін растады.

Сапар аясында Қазақстан мен Құрама Штаттары арасында жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылды.

Әңгімелесу барысында екіжақты



Қазақстан Президентінің айтуынша, Америка көшбасшысы жер жүзінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Мемлекет басшысы Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта

ықпалдастықтың кең көлемдегі мәселелері жан-жақты талқыланды, өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективті бағыттары нақтыланды.

Сонымен қатар президенттер халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

akorda.kz

akorda.kz

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ МЕН CISCO КОМПАНИЯСЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

ҚР ЖИЦДМ, желілік технологиялар мен киберқауіпсіздік саласындағы жаһандық көшбасшы Cisco компаниясы жасанды интеллект, жоғары өнімді есептеулер, цифрлық трансформация салаларындағы стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Қол қою рәсімі C5+1 форматындағы бизнес-конференция барысында өтті. Оған ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Cisco компаниясының мемлекеттік органдармен стратегия жөніндегі аға вице-президенті Джефф Кэмпбелл қатысты.

Меморандум алдағы бес жыл ішінде ЖИ инфрақұрылымын дамыту, құзыреттерді арттыру және Қазақстанның өңірлік технологиялық хаб ретіндегі позициясын нығайтуға бағытталған бірлескен бастамаларды іске асыруды көздейді.



«Бүгін қол қойылған өзара түсіністік туралы меморандум Cisco-ның Қазақстанмен ынтымақтастығын терендетіп, ЖИ негізіндегі цифрлық трансформация стратегиясын жеделдетуге мүмкіндік береді. ЖИ эко

жүйесінің табысты дамуы Cisco технологияларының өзегі болып саналатын сенім мен қауіпсіздікке негізделеді. Біз Қазақстанның ЖИ және инновация саласындағы мақсатын қолдауға дайынбыз, бұл елдің ұзақ

мерзімді экономикалық табысына ықпал етеді», – деді Cisco компаниясының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл стратегиясы жөніндегі аға вице-президенті Джефф Кэмпбелл.

Меморандумға қол қою екі тараптың ұзақ мерзімді серіктестікке және киберқауіпсіздік, цифрлық мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау және ұлттық ақпараттық платформаларды дамыту бағыттарында жаңа технологиялық мүмкіндіктерді бірлесе жүзеге асыруға деген ниетін растады.

«Қазақстанның озық технологияларды дамыту және енгізуге деген ұмтылысын жоғары бағалаймыз және осы ынтымақтастық аясында ұлттық маңызы бар бастамаларды әрі қарай қолдауға дайынбыз», – деді Cisco компаниясының Түркия, Румыния және ТМД бойынша басқарушы директоры Дидем Дуру.

ҚР ЖИЦДМ баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЦИФРЛАНДЫРУ: ТИІМДІЛІК ПЕН АШЫҚТЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Бүгінгі замануи дәуірде цифрлық технологиялар қоғам өмірінің барлық саласына еніп отыр. Мемлекеттік басқару жүйесінде де бұл үрдіс белсенді түрде жүзеге асуда.

Мемлекеттік қызметті цифрландыру – азаматтарға сапалы қызмет көрсету, ашықтықты қамтамасыз ету және бюрократиялық кедергілерді азайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Мемлекеттік қызметті жаңғырту бағыттарының біріне кадрлық үдерістерді толықтай цифрландыру кіреді. Бұл мақсатта енгізілген – «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі мемлекеттік қызметшілердің еңбек жолын толық электрондық форматта жинап, сақтайды. Бұл қағазбастылықты азайтып, кадр процестерін цифрландыруға септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметке кіру рәсімдері eqyzmet.gov.kz порталы арқылы жаңа форматта жүзеге асырылуда. Үміткерлер әңгімелесу кезеңінен бөлек, адами фактордың қатысуынсыз, жүйе арқылы екі кезеңнен өтеді. Барлық кезеңдердің қорытындысы негізінде жеңімпаз автоматтандырылған жүйе арқылы айқындалуда.

Оған қоса, Президент тапсырмасына сай, «Бірыңғай кадр жүйесі» негізінде мемлекеттік бюджет есебінен қаржыланатын ұйымдардың (квазисекторлар) кадрлық процестері де автоматтандырылып жатыр.

Бұл мемлекеттік органдарға бағынысты квазисекторларда қызмет атқаратын қызметкерлердің еңбек жолын электронды форматқа ауыстыру арқылы заманауи талаптарға сай қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметті цифрландырудың тағы бір айқын көрінісі ретінде – мемлекеттік қызметшілердің заңсыз үстеме жұмысын болдырмау мақсатында енгізілген қашықтықтан мониторинг жүйесі болып табылады. Бұл жүйе «Е-қызмет» жүйесімен интеграцияланған қол жеткізуді басқару жүйесі арқылы іске асады.

Бүгінгі таңда бұл жүйе Қарағанды облысындағы 187 мемлекеттік органда (40%) орнатылған, оның 86-сы (46%) «Е-қызмет» жүйесімен толық интеграцияланған. Алайда, қаржылық және техникалық себептерге байланысты кейбір органдарда әлі орнатылмаған. Дегенмен, бұл жүйе ашықтық пен тиімділікті арттыруға жол ашады.

Цифрландырудың тағы бір маңызды бағыты ретінде – мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіруді атап өтуге болады.

Бүгінгі таңда облыстың мемлекеттік қызметті көрсетушілерімен электронды форматта көрсеткен қызметтердің үлесі 98 % құрайды.

Бұл көрсеткіштер азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі құралы ретінде

цифрлық сервистердің орнығып келе жатқанын дәлелдейді.

Мемлекеттік қызметті цифрландырудың келесі кезең ретінде – жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы оның сапасы мен қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Мәселен, биыл Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп мемлекеттік қызметшілерге арналған жасанды интеллект дағдылары бойынша AI Qyzmet оқыту бағдарламасын іске қосты.

AI Qyzmet — цифрлық мемлекеттік басқаруды қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Өз кезегінде, бағдарлама мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс процестеріне жасанды интеллект құралдарын енгізуге және оның мүмкіндіктерін қолдануға бағытталған.

Оқыту мемлекеттік қызметшінің күнделікті қызметіндегі жоспарлау, ақпаратты өңдеу, презентациялар жасау сияқты жұмыстарда жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану дағдыларын қамтиды.

Мұндай әдіске оқыту мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып, шешім қабылдау үдерістерін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қарағанды облы-

сының 1942 мемлекеттік қызметшісі Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалында цифрлық сауаттылығын арттырды.

Қорытындылай келе, «Е-қызмет» жүйесі, жаңа іріктеу форматы, мониторинг жүйесі, көрсетілетін қызметтердің электрондық форматқа көшуі, сондай-ақ, AI Qyzmet бағдарламасы – мемлекеттік қызметті цифрландыру бағытындағы маңызды әрі заманауи қадамдар болып табылады.

Бұл жаңашылдықтар мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырып, ашықтық пен әділдік қағидаттарын күшейтуге зор мүмкіндік бере алады деп санаймыз.

Мысалы, OECD және World Bank деректері бойынша, цифрлық шешімдерді енгізген елдерде мемлекеттік қызметшілердің жұмыс өнімділігі орта есеппен 15-20 % артқан.

Мұндай бастамалар арқылы мемлекеттік қызметтің сапасы мен қолжетімділігі жаңа деңгейге көтеріледі деп сенеміз.

Ж.Сәрсен,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРТУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ ЖӘНЕ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРТУДАН БОСАТУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі азаматтардың өмірінің барлық саласын қамтиды. Соның ішінде қорғаныс саласындағы қызметтер – ерекше маңызға ие бағыттардың бірі. Әскерге шақырту науқаны кезінде көптеген азаматтар өз құқықтары мен мүмкіндіктері жөнінде толық ақпаратқа ие бола бермейді. Осыған байланысты, әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату рәсімдері туралы мәлімет беру қоғам үшін өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, елді қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Дегенмен заңнама белгілі бір жағдайларда азаматтарға әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босатылу мүмкіндігін қарастырады. Бұл рәсімдер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мақсатында жүзеге асырылады және тиісті мемлекеттік қызметтер арқылы көрсетіледі.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 31-бабына сәйкес «Әскерге шақыртуды кейінге қалдыру» мемлекеттік қызметі 18 жастан 27 жасқа дейінгі, әскери қызметке шақырылуға жататын ер азаматтарға көрсетіледі.

Әскерге шақыртуды кейінге қалдыру:

- некеде тұрған және бір және одан да көп баласы бар азаматтарға;
- денсаулық жағдайына байланысты уақытша жарамсыз деп танылған жағдайда (медициналық комиссия

шешімі бойынша);

- күндізгі оқу нысанындағы жоғары немесе орта оқу орындарында білім алып жүрген студенттерге;

- отбасы жағдайына байланысты (мысалы, асырауында басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік қамсыздандыруда болмайтын отбасы мүшелерін күтумен айналысатын, өзінің асырауында анасыз тәрбиеленіп отырған баласы (балалары) бар азаматтарға, ата-анасының қайтыс болуына немесе олардың ата-ана құқығынан айырылуына немесе сот бас бостандығынан айыруға соттауына байланысты кемінде екі жыл тәрбиесінде және асырауында болған адамдар бар азаматтарға);

- қызметтік қажеттілік (мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінде айқындалған айрықша ұйымдарда жұмыс істейтін азаматтарға) негіздері бойынша көрсетіледі.

Қызмет «eGov.kz» электрондық үкімет порталы арқылы көрсетіледі.

Қажетті құжаттар тізіміне мемлекеттік қызметті алуға өтініш және негізді растайтын құжаттар (медициналық анықтама, оқу орнынан анықтама, және т.б. жағдайларды растаушы құжаттар) кіреді.

Қызмет 6 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Сонымен қатар, «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметі де «eGov.kz» электрондық үкімет порталы арқылы көрсетіледі.

Әскери қызметке шақырудан босату мемлекеттік қызметі:

- денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтарға;

- заңды негіздер, жиырма жеті жасқа толуы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмағандарға;

- туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе апа-сіңлілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалғандарға;

- басқа мемлекетте әскери (балалар) қызмет өткергендерге;

- «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 51-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткергендерге;

- ғылыми дәрежесі барларға;

- тіркелген діни бірлестіктердің қызметкерлеріне және т.б. негіздер бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінде азаматқа әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы қорытындысы немесе әскери қызметке шақырудан босату туралы қорытындысы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

Электрондық форматта қызмет алу мүмкіндігі кезек күтуді және қағазбастылықты азайтып, ашықтықты және рәсімдердің айқындығын қам-

тамасыз етеді.

Әскерге шақыртуды кейінге қалдыру және одан босату – азаматтардың заңды құқығы. Бұл мемлекеттік қызметтер жастардың оқуын жалғастыруына, отбасылық жағдайын реттеуіне немесе денсаулығын қалпына келтіруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар цифрлық форматта көрсетілуі арқылы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырады.

Құрметті қызмет алушы, егер Сіз мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде артық құжаттар талап ету, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу, негізсіз бас тарту немесе тағы басқа заң бұзушылықтарға жол берілгеніне куә болсаңыз, Департаментке келесі мекенжай бойынша жүгіну арқылы бұзылған құқықтарыңызды қалпына келтіре аласыз.

Біздің мекенжай: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39. Байланыс нөмерлері: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83 кеңсе нөмірі.

**Қазақстан Республикасы
мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Қарағанды
облысы бойынша
Департаментінің көрсетілетін
мемлекеттік қызметтер
басқармасының бас маманы
Жансарбаева Ақбөпе
Маралбайқызы.**

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН ҒАЛЫМ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ 190 ЖЫЛ



Биыл қазақ халқының мақтанышы, көрнекті ғалым, этнограф, тарихшы және ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына

190 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – ұлт руханияты мен ғылымына өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғаның есімін ұлықтайтын маңызды оқиға.

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Ол Абылай ханның ұрпағы, Шыңғыс сұлтанның баласы еді. Жастайынан білімге құштар жасөспірім Омбы кадет корпусында оқып, орыс және шығыс мәдениеттерін терең меңгерді. Өз заманының алдыңғы қатарлы ғалымдары қатарында Шоқан қазақ халқының тарихын, фольклорын, әдет-ғұрпын ғылыми тұрғыда зерттеді.

Ғалымның «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалары», «Алтышар немесе Қытайдың Нань-Лу провинциясы мен Қашқария туралы» еңбектері Шығыс елдері мәдениеті мен тарихын зерттеуде әлем ғалымдарының жоғары бағасына ие болды.

2025 жылдың 3 қараша күні қазақтың әр алуан көкжиегінде өшпес із қалдырған жарық жұлдызы, талантты ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі, саяхатшы - географ Шоқан

Уәлихановтың 190 жылдығына орай «Жұлдызы жанған ғалым» тақырыбында тұлғатану кеші өтті. Мақсаты: ұлы ғалым, саяхатшы, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмір жолы мен ғылыми мұрасын жастарға насихаттау, тарихи тұлғаның ел дамуына қосқан үлесін кеңінен таныту. Іс-шара барысында оқушылар ғалымның не зерттегенін біліп, кітапхана қорындағы кітаптармен танысып, Ұлы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы бейнеролик көрді. Іс-шара соңында ғалымның үздік дәйексөздері оқылды.

Шоқан Уәлихановтың қысқа ғұмыры – ұлт мүддесіне, ғылым мен ағартушылық жолына арнаған өнегелі өмір. Оның есімі мен еңбегі мәңгілік ел жүрегінде сақталады.

**«Приозерск қалалық кітапханасы»
кмм оқу бөлімінің кітапханашысы
Болысбек Ұ.О.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН! ҚАРАУЫЛ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҮЗДІГІ



Маңызды міндет әскери қызметшілердің жауынгерлік қызметі алдымен әскери бөлімнің қауіпсіздігін сақтаудан басталады. Іштегі тәртіп пен қауіпсіздіктің маңызы зор. Жауапты қызмет жан-жақты қабілетке ие жауынгерлерге ғана жүктеледі. Салмақты істің ауыртпалығы сарбаздарға да артылады. Қай кезде болмасын сарбаздар сенім үдесінен шыға алады. Жауынгерлік қызмет қашанда үлкен тәуекел мен қауіптің құрсауындағы қызмет. Сол қызметтің қиындығына төтеп беру – нағыз Отан қорғаушыларға ғана тән қасиет.

Біздің кейіпкеріміз Приозерск гарнизонында орналасқан 06708 1-ші реактивті артиллериялық дивизионының 2-ші реактивті артиллериялық батареясының аға маманы (аға техник) әскери бөлімінде Отан алдында борышын өтеп жүрген қатардағы жауынгер Дралов Андрей Николаевич. Ол 31 қаңтар 2006 жылы Орал қаласында дүниеге келген. 2021 жылы 9 сыныпты бітірген соң, 2024 жылы Орал қаласының Батыс Индустриалдық колледжіне оқуға түседі. Бұл оқу орнын тәмәмдаған соң вахта бойынша Ресей мемлекетінде жұмыс істеді. 2025 жылы 30 мамыр әскер қатарына шақырылды. Өзінің қызметі жайында қатардағы жауынгер Андрей былай дейді:

Әскер қатарында қызмет етіп жатқаным жүргеніне бес айдай болды. Осынша уақыт қарауыл қызметінде жүрмін. Сақшы міндеті – өте жауапты іс. Кезекшілікке түскен ауысымда тәулік бойы қару-жарақ пен оқ-дәріге де жауап береміз. Төтенше жағдайда резервтік топтарды дереу

жіберуді ұйымдастырамыз. Сақшылардың қызметі, тәрбиесі, тіпті олардың көңіл күйлері әрдайым қарауыл бастығының назарында. Қарауыл бастығы сарбаздар үшін әрі психолог, әрі ақылшы бола білуі керек, кейде аспаз да болып кетеміз, кейде ата-анасы сияқты да сөйлесуімізге тура келеді. Әрине, қызмет болған соң, тәртіп бірінші орында тұрады. Дегенмен қарумен жауынгерлік қызмет атқаратын жеке құрамға ерекше назар аудару қажет екені даусыз.

Сақшы әділ болуы тиіс, жауапты, күрделі жағдайда тез шешім қабылдай алатын адам болу керек. Әр жұмыстың қиындығы болады, бірақ уақыт өте келе, тәжірибе жинап, бәрін жеңе білдім. Жастарға қандай кеңес берер едіңіз деген сұрағымызға, Андрей «Жастарға білім алудан қашпандар, қиындыққа төзімді болыңыздар, қызметті адал атқырыңыздар» деп, көкейдегі тілегін білдірді. Тәлімгерлік туралы не айтасыз дегенімізде, қатардағы жауынгер Андрей алдымен өзіне осы қызметтің қыр-сырын үйреткен алдыңғы буын сарбаздарды есіне алды. Олар қазір запсатта болса да, тәлімгер ретінде әлі де хабарласып тұратындығын, білмегенін сұрап, ақыл-кеңесіне құлақ түретінін айтты.

Өз ісінің маманы, білікті, тәжірибелі сақшы қатардағы жауынгер Андрейге қарап, сақшы қызметі – сенімді қолда екенін білуге болады.

Думан Жұмашұлы
Приозерск гарнизонының
баспасөз хатшысы

БОЛЕЕ 529 ТЫС. УСЛУГ ПОЛУЧИЛИ ЛИЦА С ИНВАЛИДНОСТЬЮ ЧЕРЕЗ ПОРТАЛ СОЦУСЛУГ В 2025 ГОДУ



С начала 2025 года через Портал социальных услуг выполнено 529,1 тыс. заказов лиц с инвалидностью, в том числе: порядка 389,5 тыс. на технические средства реабилитации, 9,6 тыс. – на услуги жестового языка, 26 тыс. – на услуги индивидуального помощника, 104 тыс. – на санаторно-курортное лечение, сообщает Министерство труда и социальной защиты населения РК.

С начала 2025 года через Портал социальных услуг выполнено 529,1 тыс. заказов лиц с инвалидностью, в том числе: порядка 389,5 тыс. на технические средства реабилитации, 9,6 тыс. – на услуги жестового языка, 26 тыс. – на услуги индивидуального помощника, 104 тыс. – на санаторно-курортное лечение.

Портал позволяет лицам с инвалидностью самостоятельно выбирать производителя и поставщика технических средств и услуг реабилита-

ции. Заказ вида помощи осуществляется посредством подтверждения электронной цифровой подписью услугополучателя. Получить заказанные ТСР можно посредством доставки либо самовывозом.

Обеспечение лиц с инвалидностью средствами реабилитации включает в себя предоставление протезно-ортопедических, сурдотехнических, тифлотехнических и гигиенических средств, а также кресел-колясок.

На сегодняшний день на Портале зарегистрированы 630 поставщиков специальных социальных услуг, 1066 поставщиков ТСР, более 32 тыс. поставщиков услуг индивидуального помощника, 758 – жестового языка и 139 – санаторно-курортного лечения.

Консультации по пользованию Порталом можно получить в контакт-центре поддержки, дозвониться в который можно через единый номер 1414.

ortcom.kz

Наследственное дело

«После смерти Жаркинасиловой Салихи Тойлыбаевны, умершей 23 июля 2025 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Марбатовой А.М., по адресу Карагандинская область, г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87073453301»

Частный нотариус г. Приозерск

Мұрагерлік іс

«2025 жылдың 01 қыркүйегінде қайтыс болған Джалгасбаева Гулсара Темирбоевна азаматшасының, мұрагерлік ісі ашылды. Барлық мұрагерлерге, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі, №1Б үй мекен-жайында орналасқан нотариус Марбатова А.М., хабарласуға болады. тел. 87073453301»

Частный нотариус г. Приозерск

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №45/175, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.